

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және бағалы қағаздар нарығы қатысушыларының есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 29 маусымдағы № 42 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 12 шілдеде № 33060 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 тамыздағы № 167 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15863 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ":

1 және 2-тармактар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесі;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес зейнетақы активтерінің құны туралы есептің нысаны;

3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есептің нысаны;

4) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес сыртқы басқарудағы зейнетақы активтері туралы есептің нысаны;

5) осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарының көлемі және жеке зейнетақы шоттарының саны туралы есептің нысаны;

6) осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының облыстары бойынша (салымшының (алушының) тұрғылықты жері бойынша) салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарының көлемі және жеке зейнетақы шоттарының саны туралы есептің нысаны;

7) осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес міндettі зейнетақы жарналары, міндettі кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы төлемдері туралы есептің нысаны;

8) осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілеріне (отбасы мүшелеріне) зейнетақы төлемдерінің және зейнетақы жинақтарының көлемі туралы есептің нысаны; 9) осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес меншікті активтер есебінен сатып алған бағалы қағаздар туралы есептің нысаны;

10) осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес меншікті активтер есебінен жасалған "кері репо" және репо операциялары туралы есептің нысаны;

11) осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес меншікті активтер есебінен орналастырылған салымдар, ақша және ақшалай қаражаттың баламалары туралы есептің нысаны;

12) осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар туралы есептің нысаны;

13) осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес меншікті активтердің инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есептің нысаны;

14) осы қаулыға 14-қосымшаға сәйкес дефолтқа жол берген әмитенттердің зейнетақы активтері есебінен сатып алған қаржы құралдары бойынша есептің нысаны;

15) осы қаулыға 15-қосымшаға сәйкес міндettі зейнетақы жарналары, міндettі кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны туралы есептің нысаны;

16) осы қаулыға 16-қосымшаға сәйкес шартты зейнетақы міндettемелерінің бір шартты бірлігінің құны туралы есептің нысаны;

17) осы қаулыға 17-қосымшаға сәйкес экономика секторлары бойынша (бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының меншікті активтері бойынша) сыныпталған активтер мен міндettемелер туралы есептің нысаны;

18) осы қаулыға 18-қосымшаға сәйкес экономика секторлары бойынша (бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері бойынша) сыныпталған активтер мен міндettемелер туралы есептің нысаны;

19) осы қаулыға 19-қосымшаға сәйкес Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының есептілікті ұсыну қагидалары бекітілсін.

2. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне электрондық форматта:

1) ай сайын:

осы қаулының 1-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, бірыңғай

жинақтаушы зейнетақы қорының сыртқы басқаруға берілген зейнетақы активтері болған жағдайда – есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиырмасынан) кешіктірмей;

осы қаулының 1-тармағының 3), 5), 6), 7), 9), 10), 11), 12), 13), 15) және 16) тармақшаларында көзделген есептілікті – есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші) жұмыс күнінен кешіктірмей;

2) тоқсан сайын:

осы қаулының 1-тармағының 8) және 14) тармақшаларында көзделген есептілікті – есепті тоқсаннан кейінгі айдың 7 (жетінші) жұмыс күнінен кешіктірмей;

осы қаулының 1-тармағының 17) және 18) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25 (жиырма бесінен) кешіктірмей ұсынады.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.";

1-қосымша осы қаулыға 1-қосымшага сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымша осы қаулыға 2-қосымшага сәйкес редакцияда жазылсын;

3-қосымша осы қаулыға 3-қосымшага сәйкес редакцияда жазылсын;

4-қосымша осы қаулыға 4-қосымшага сәйкес редакцияда жазылсын;

5-қосымша осы қаулыға 5-қосымшага сәйкес редакцияда жазылсын;

9-қосымша осы қаулыға 6-қосымшага сәйкес редакцияда жазылсын;

13-қосымша осы қаулыға 7-қосымшага сәйкес редакцияда жазылсын;

13-1-қосымша осы қаулыға 8-қосымшага сәйкес редакцияда жазылсын;

15-қосымша осы қаулыға 9-қосымшага сәйкес редакцияда жазылсын;

16-қосымша осы қаулыға 10-қосымшага сәйкес редакцияда жазылсын;

17-қосымша осы қаулыға 11-қосымшага сәйкес редакцияда жазылсын;

18-қосымша осы қаулыға 12-қосымшага сәйкес редакцияда жазылсын;

19-қосымша осы қаулыға 13-қосымшага сәйкес редакцияда жазылсын;

20-қосымша осы қаулыға 14-қосымшага сәйкес редакцияда жазылсын;

20-1-қосымша осы қаулыға 15-қосымшага сәйкес редакцияда жазылсын;

20-2-қосымша осы қаулыға 16-қосымшага сәйкес редакцияда жазылсын;

осы қаулыға 17-қосымшага сәйкес редакцияда 18-қосымшамен толықтырылсын;

осы қаулыға 18-қосымшага сәйкес редакцияда 19-қосымшамен толықтырылсын;

21-қосымша осы қаулыға 19-қосымшага сәйкес редакцияда жазылсын.

2. "Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыратын лицензиаттар, бірынғай оператор есептілігінің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 211 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19672 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:
кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздаррынды туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 3-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**";

1-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес меншікті активтер есебінен жасалған "керірепо" және репо операциялары туралы есептің нысаны;";

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13) осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес зейнетақы жинақтарының көлемі және ерікті зейнетақы жарналары салымшыларының (алушыларының) саны туралы есептің нысаны;";

34) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"34) осы қаулыға 34-қосымшаға сәйкес бағалы қағаздарды сатып алуға (сатуға) өтінімдер туралы есептің нысаны;";

38) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"38) осы қаулыға 38-қосымшаға сәйкес туынды қаржы құралдарын сатып алуға (сатуға) өтінімдер туралы есептің нысаны;";

40) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"40) осы қаулыға 40-қосымшаға сәйкес шетел валюталарын сатып алуға (сатуға) өтінімдер туралы есептің нысаны;";

42) және 43) тармақшалар алып тасталсын;

52), 53) және 54) тармақшалар алып тасталсын;

56) және 57) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"56) осы қаулыға 56-қосымшаға сәйкес экономика секторлары бойынша (ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының меншікті активтері бойынша) сыныпталған активтер мен міндеттемелер туралы есептің нысаны;";

57) осы қаулыға 57-қосымшаға сәйкес экономика секторлары бойынша (ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері бойынша) сыныпталған активтер мен міндеттемелер туралы есептің нысаны;";

58) тармақша алып тасталсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Инвестициялық портфельді басқару қызметін (бұдан әрі – инвестициялық портфельді басқарушы), бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті (бұдан әрі – брокерлер және (немесе) дилерлер) жүзеге асыратын ұйымдар

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – Ұлттық Банк) осы қаулыға 2, 3, 4 және 5-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей ай сайын ұсынады.

Инвестициялық портфельді басқарушы осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген есептілікке қосымша Ұлттық Банкке осы қаулыға 6, 7, 8, 9, 10, 15, 16, 17, 18 және 26-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей ай сайын ұсынады.

Ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқарушы (бұдан әрі – ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры) Ұлттық Банкке осы қаулыға 11, 12, 13, 14 және 27-2-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей ай сайын қосымша ұсынады.

Сенімгерлік басқаруға зейнетақы активтері берілген инвестициялық портфельді басқарушы (бұдан әрі – сенімгерлік басқарушы) Ұлттық Банкке осы қаулыға 11, 12, 27, 27-1 және 27-3 -қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей ай сайын қосымша ұсынады.

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры Ұлттық Банкпен жасалған активтерді инвестициялық басқару шартына сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқарған жағдайда, ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры осы қаулыға 11, 12, 13 және 14-қосымшаларға сәйкес есептілікті бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының активтері және басқарудағы зейнетақы активтері бойынша жеке-жеке ұсынады.

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры Ұлттық Банкке осы қаулыға 56 және 57-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25 (жиырма бесінен) кешіктірмей тоқсан сайын ұсынады.

Брокерлер және (немесе) дилерлер осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген есептілікке қосымша Ұлттық Банкке осы қаулыға 6, 19 және 26-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей ай сайын ұсынады.

Брокерлер және (немесе) дилерлер Ұлттық Банкке осы қаулыға 20, 21, 22, 23, 24 және 25-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей тоқсан сайын қосымша ұсынады.

Бірыңғай оператор Ұлттық Банкке осы қаулыға 24 және 25-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей тоқсан сайын ұсынады.

Кастодиан Ұлттық Банкке осы қаулыға 24, 25, 28 және 29-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей тоқсан сайын ұсынады.

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының кастодианы, инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтерін сақтауды және есепке алуды жүзеге асыратын кастодиан Ұлттық Банкке осы қаулыға 30, 31, 32 және 33-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей ай сайын қосымша ұсынады.

Сауда-саттықты ұйымдастырушы Ұлттық Банкке осы қаулыға 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40 және 41-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта келесі жұмыс күнінің соына дейін күн сайын ұсынады.

Сауда-саттықты ұйымдастырушы Ұлттық Банкке осы қаулыға 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50 және 51-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей ай сайын ұсынады.

Клиринг ұйымы Ұлттық Банкке осы қаулыға 55-қосымшага сәйкес есептілікті электрондық форматта келесі жұмыс күнінің соына дейін күн сайын ұсынады.

Брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру лицензиясы бар ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры Ұлттық Банкке осы қаулыға 21, 22, 23, 24 және 25-қосымшаларға сәйкес есептілікті ұсынбайды.

Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру лицензиясы бар екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалдары және Ұлттық пошта операторы Ұлттық Банкке осы қаулыға 2, 3, 4, 5, 6 және 26-қосымшаларға сәйкес есептілікті ұсынбайды.

Клиенттердің шоттарын жүргізу құқығы жоқ брокерлер және (немесе) дилерлер Ұлттық Банкке осы қаулыға 24 және 25-қосымшаларға сәйкес есептілікті ұсынбайды.

Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметпен айналысуға лицензиясы бар инвестициялық портфельді басқарушы Ұлттық Банкке осы қаулыға 16-қосымшаның 1-кестесіне сәйкес есептілікті ұсынбайды.

Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары Ұлттық Банкке осы қаулыға сәйкес есептілікті ұсынбайды.

Инвестициялық портфельді басқарушы Ұлттық Банктың алтынвалюта активтерін және сенімгерлік басқаруға берілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін осы қаулыға 7, 8, 9, 10, 15, 16, 17 және 18-қосымшаларда белгіленген нысандарды толтыру кезінде көрсетпейді.";

1-қосымша осы қаулыға 20-қосымшага сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымша осы қаулыға 21-қосымшага сәйкес редакцияда жазылсын;

3-қосымша осы қаулыға 22-қосымшага сәйкес редакцияда жазылсын;

4-қосымша осы қаулыға 23-қосымшага сәйкес редакцияда жазылсын;

5-қосымша осы қаулыға 24-қосымшага сәйкес редакцияда жазылсын;

6-қосымша осы қаулыға 25-қосымшага сәйкес редакцияда жазылсын;

7-қосымша осы қаулыға 26-қосымшага сәйкес редакцияда жазылсын;

46-қосымша осы қаулыға 66-қосымشاға сәйкес редакцияда жазылсын;
47-қосымша осы қаулыға 67-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
48-қосымша осы қаулыға 68-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
49-қосымша осы қаулыға 69-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
50-қосымша осы қаулыға 70-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
51-қосымша осы қаулыға 71-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
55-қосымша осы қаулыға 72-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
56-қосымша осы қаулыға 73-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
57-қосымша осы қаулыға 74-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
59-қосымша осы қаулыға 75-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

3. Қаржы нарығының статистикасы департаменті (А.М. Боранбаева) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.

5. Осы қаулы 2024 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізілетін осы қаулының 1-тармағының жиырма бірінші абзацын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Осы қаулының 1-тармағының жиырма сегізінші абзацының қолданысы осы абзац тоқтата тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілей отырып 2024 жылғы 1 қантарға дейін тоқтатыла тұрсын:

"осы қаулының 1-тармағының 3), 5), 6), 7), 9), 10), 11), 12), 13) және 15) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші) жұмыс күнінен кешіктірмей;".

Қазақстан Ұлттық
Банкінің Төргасы

Г. Пирматов

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының

Каржы нарығын реттеу
және дамыту агенттігі

Қазақстан Ұлттық
Банкінің Төрғасы

2023 жылғы 29 маусымдағы

№ 42 Қаулыға

1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының

2017 жылғы 28 тамыздағы

№ 167 қаулысына

1-қосымша

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесі

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының есептілігіне мыналар кіреді:

- 1) зейнетақы активтерінің құны туралы есеп;
- 2) зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп;
- 3) сыртқы басқарудағы зейнетақы активтері туралы есеп;
- 4) салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарының көлемі және жеке зейнетақы шоттарының саны туралы есеп;
- 5) Қазақстан Республикасының облыстары бойынша (салымшының (алушының) тұрғылықты жері бойынша) салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарының көлемі және жеке зейнетақы шоттарының саны туралы есеп;
- 6) міндettі зейнетақы журналары, міндettі кәсіптік зейнетақы журналары, ерікті зейнетақы журналары бойынша зейнетақы төлемдері туралы есеп;
- 7) Қазақстан Республикасының аумағында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілеріне (отбасы мүшелеріне) зейнетақы төлемдерінің және зейнетақы жинақтарының көлемі туралы есеп;
- 8) меншікті активтер есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есеп;
- 9) меншікті активтер есебінен жасалған "көрі репо" және репо операциялары туралы есеп;
- 10) меншікті активтер есебінен орналастырылған салымдар, ақша және ақшалай қаражаттың баламалары туралы есеп;
- 11) басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар туралы есеп;
- 12) меншікті активтерді инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есеп;
- 13) дефолтқа жол берген эмитенттердің зейнетақы активтері есебінен сатып алынған қаржы құралдары бойынша есеп;
- 14) міндettі зейнетақы журналары, міндettі кәсіптік зейнетақы журналары және ерікті зейнетақы журналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны туралы есеп;
- 15) шартты зейнетақы міндettемелерінің бір шартты бірлігінің құны туралы есеп;

16) экономика секторлары бойынша (бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының меншікті активтері бойынша) сыныпталған активтер мен міндептемелер туралы есеп;

17) экономика секторлары бойынша (бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері бойынша) сыныпталған активтер мен міндептемелер туралы есеп.

Қаулыға

2-қосымша

Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкі Басқармасының

2017 жылғы 28 тамыздағы

№ 167 қаулысына

2-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауга арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Зейнетақы активтерінің құны туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-ENPF_PA

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20 ____ жылғы "—" _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, сыртқы басқаруға берілген зейнетақы активтері болған жағдайда – есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиырмасынан) кешіктірмей, ай сайын

Нысан

Кесте. Зейнетақы активтерінің құны

есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері

(тенгемен)

№	Көрсеткіш	күні	күні
1	2	3	...
1.	Инвестициялық шоттардағы күн басындағы қалдық, оның ішінде:		
1.1.	теңгемен		
1.2.	шетел валютасымен		
2.	Инвестициялық шоттарға келіп түскен күн соңындағы ақша, оның ішінде:		
2.1.	теңгемен		

2.2.	шетел валютасымен		
3.	Инвестициялық шоттардан шығарылған күн соңындағы ақша, оның ішінде:		
3.1.	теңгемен		
3.2.	шетел валютасымен		
4.	Инвестициялық шоттардағы күн соңындағы қалдық $((1)+(2)-(3))$, оның ішінде:		
4.1.	теңгемен		
4.2.	шетел валютасымен		
5.	Күн соңында сыртқы басқарудағы активтер сомасы, оның ішінде:		
5.1.	теңгемен		
5.2.	шетел валютасымен		
6.	Басқа да активтердің күн басындағы құны, оның ішінде:		
6.1.	теңгемен		
6.2.	шетел валютасымен		
7.	Басқа да активтердің күн соңындағы құны, оның ішінде:		
7.1.	теңгемен		
7.2.	шетел валютасымен		
8.	Қаржы инвестицияларының күн басындағы барлық құны, оның ішінде:		
8.1.	туынды қаржы құралдары		
9.	Күн соңындағы келіп түсken қаржы құралдары		
10.	Күн соңындағы шығарылған қаржы құралдары		
11.	Күн соңындағы қаржы инвестицияларының барлық құны $((8)+(9)-(10)+(12)-(12.4.1)-(12.7))$, оның ішінде:		
11.1.	туынды қаржы құралдары		

12.	Күн соңындағы есептөлген инвестициялық кіріс (шығыс), оның ішінде:		
12.1.	каржы құралдары бойынша сыйақы алуға байланысты кіріс (шығыс)		
12.2.	әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар құнының өзгеруінен түскен кіріс (шығыс)		
12.3.	басқа активтер құнының өзгеруінен түскен кіріс (шығыс)		
12.4.	шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кіріс (шығыс), оның ішінде:		
12.4.1.	инвестициялық шоттағы акшаны және басқа да активтерді қайта бағалаудан түскен кіріс (шығыс)		
12.4.2.	каржы инвестицияларын қайта бағалаудан түскен кіріс (шығыс)		
12.5.	бағалы қағаздардың құнсыздануынан ықтимал шығынды өтеуге арналған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруге (қалыптастыруға) байланысты кіріс (шығыс)		
12.6.	каржы құралдары бойынша басқа да кіріс (шығыс)		
12.7.	каржы құралдарына жатпайтын басқа да кіріс (шығыс)		
13.	Күн соңындағы зейнетакы активтерінің ағымдағы құнының жиынтығы ((4)+(5)+(7)+(11))		
14.	Күн соңындағы зейнетакы активтерінен		

	комиссиялық сыйақы, оның ішінде:	
14.1.	есептелген	
14.2.	төленген	
15.	Зейнетақы активтерінен комиссиялық сыйақы бойынша берешектің қалдығы	
16.	Күн соңындағы инвестициялық кірістен комиссиялық сыйақы, оның ішінде:	
16.1.	есептелген	
16.2.	төленген	
17.	Инвестициялық кірістен комиссиялық сыйақы бойынша берешектің қалдығы	
18.	Күн соңындағы зейнетақы активтеріне жататын, есептелген зейнетақы міндеттемелері, оның ішінде:	
18.1.	кәте (дұрыс есепке алынбаған) сома	
18.2.	төлемдер, аударымдар және біржолғы алулар	
18.3.	басқалар	
19.	Күн соңындағы зейнетақы активтеріне жататын, орындалған зейнетақы міндеттемелері:	
19.1.	инвестициялық шоттан кәте (дұрыс есепке алынбаған) сома	
19.2.	төлемдер мен аударымдар	
19.3.	басқалар	
20.	Бөлінбекен пайда (өтмелмеген залал)	
21.	Күн соңындағы зейнетақы міндеттемелерінің қалдығы	
22.	Күн басындағы резервтік корлар шоттарындағы сома қалдығы	

23.	Күн соңындағы резервтік көрлар шоттарындағы сома қалдығы		
24.	Күн соңындағы зейнетакы активтері бойнуша міндептемелердің жиынтығы және бөлінбекен пайда ((15)+(17)+(20)+(21)+(23)):		
25.	Күн соңындағы "таза" зейнетакы активтері күнының жиынтығы ((13)-(24))		

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20__ жылғы "____"

Зейнетакы активтерінің күны
туралы есеп нысанына
қосымша

**"Зейнетакы активтерінің күны туралы есеп" (индексі – 1-ENPF_PA, кезеңділігі – ай сайын)
әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірmede "Зейнетакы активтерінің күны туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанда бірыңғай жинақтаушы зейнетакы қоры ай сайын толтырады.
Нысандағы деректер теңгемен көрсетіледі.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап Нысан міндettі зейнетақы жарналары, міндettі кәсіптік зейнетақы жарналары мен ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері бойынша және жұмыс берушінің міндettі зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері бойынша жеке-жеке ұсынылады.

"Есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері" жолында зейнетақы жарналарына: "міндettі зейнетақы жарналарына, міндettі кәсіптік зейнетақы жарналарына және ерікті зейнетақы жарналарына" және "жұмыс берушінің міндettі зейнетақы жарналарына" байланысты қалыптастырылған зейнетақы активтері бойынша мәліметтер көрсетіледі.

6. Нысан есепті айдың әр күніне толтырылады. Күні "күн. ай. жыл" форматында көрсетіледі.

7. 1.2., 2.2., 3.2., 4.2., 5.2., 6.2. және 7.2-жолдарында тенгеге балама сома көрсетіледі.

8. 5-жол бойынша мәліметтер осы қаулыға 4-қосымшага сәйкес сыртқы басқарудағы зейнетақы активтері туралы есептің деректеріне сәйкес көрсетіледі.

9. 7.1. және 7.2-жолдарда көрсетілген есепті кезең соындағы активтер ақпараттық жүйеде көзделген Нысанға ескертпеде ашып көрсетіледі.

10. 9-жолды толтырған кезде нақты шығын бойынша бағаланатын қаржы құралдары бойынша мәліметтер көрсетіледі. Мәміле жасаған кезде болған шығын (тікелей қаржы құралдарын сатып алуға байланысты), оның ішінде агенттерге, консультанттарға, брокерлерге (дилерлерге) төленген сыйақы мен комиссиялық сыйақы, қор биржаларының алымдары, сондай-ақ ақша аудару бойынша банктік шығыс осы қаржы құралдарының құнына қосылады. Сонымен қатар қаржы құралдарының құнына сатып алу сәтіне дейінгі кезеңге есептелген сыйақы (ол болған кезде) қосылады.

11. 10-жолды толтырған кезде сатылған немесе өтелген қаржы құралдары туралы мәліметтер нақты сату немесе өтеу құны бойынша көрсетіледі.

12. 11-жол бойынша мәліметтер осы қаулыға 3-қосымшага сәйкес Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есептің деректеріне сәйкес көрсетіледі.

13. 12.5-жолды толтырған кезде резервтер (провизиялар) оны қалыптастыру (қалпына келтіру) күнінің соындағы көрсетіледі.

14. 12.6 және 12.7-жолдарды толтырған кезде есепті кезеңнің соындағы зейнетақы активтерінің құнына енгізілген алынған басқа да кіріс пен келтірілген басқа да шығыс бойынша мәліметтер ақпараттық жүйеде көзделген Нысанға ескертпеде ашып көрсетіледі.

15. 13-жолда бухгалтерлік есепте көрсетілген құн көрсетіледі.

16. 14 және 16-жолдарда комиссиялық сыйақы сомасы көрсетіледі.

17. 15 және 17-жолдарды толтырған кезде есепті кезең соңындағы деректерді ескере отырып, комиссиялық сыйақы бойынша берешектің қалдығы өсу қорытындысымен көрсетіледі.

18. 18.2 және 19.2-жолдарда ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына, сақтандыру үйымдарына зейнетақы жинақтары аударымдарының сомасы, алушыларға және басқа тұлғаларға төленген сома, міндettі зейнетақы жарналары, міндettі кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы төлемдерінен табыс салығының сомасы көрсетіледі.

Жұмыс берушінің міндettі зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы төлемдерінің сомасы ғана көрсетіледі.

19. 18.3 және 19.3-жолдарды толтырған кезде есепті кезеңнің соңындағы зейнетақы активтерінің құнына енгізілген басқа да міндettемелер бойынша мәліметтер ақпараттық жүйеде көзделген Нысанға ескертпеде ашып көрсетіледі.

20. 22 және 23-жолдар 2024 жылғы 1 қантардан бастап толтырылады. 22 және 23-жолдарда резервтік қорлар шоттарындағы соманың қалдығы көрсетіледі. Осы жолдар жұмыс берушінің міндettі зейнетақы жарналары бойынша мәліметтер толтырылған кезде ғана толтырылады.

21. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қаулыға

3-қосымша

Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкі Басқармасының

2017 жылғы 28 тамыздағы

№ 167 қаулысына

3-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауга арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-ENPF_SPPA

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20 ____ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры

Әкімшілік деректер нысаның ұсыну мерзімі: есептің айдан кейінгі айдың 7 (жетінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

Нысан

1-кесте. Зейнетақы активтері есебінен сатып алғынған бағалы қағаздар

есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері

№	Сенімгерлік басқарушының атавы	Эмитенттің атавы	Экономикалық қызмет түрі	Эмитенттің елі	Бағалы қағаздың түрі	Бағалы қағаздың сәйкестендіру нөмірі
1	2	3	4	5	6	7
1.	Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары					
1.1.			x			
...			x			
2.	Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес әмбапиялық бағалы қағаздары					
2.1.	екінші деңгейдегі банктердің бағалы қағаздары					
2.1.1.						
...						
2.2.	екінші деңгейдегі банктердің қоспағанда, заңды тұлғалардың бағалы қағаздары					
2.2.1.						
...						
3.	Шең мемлекеттердің бағалы қағаздары					
3.1.			x			
...			x			
	Қазақстан Республикасының бейрезидент					

4.	эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары					
4.1.		x				
...		x				
5.	Халықаралық қаржы үйымдарының бағалы қағаздары					
5.1.		x				
...		x				
6.	Инвестициялық қорлардың пайлары					
6.1.						
...						
7.	Жиынтығы:	x				

кестенің жалғасы:

Бағалы қағаздардың саны (дана)	Номиналды құны		Төлем валютасының коды	Бір бағалы қағаздың сатып алу бағасы		Кезеңі		Бағалы қағаздың сатып алу құны (тенгемен)
	Валюта коды	бір бағалы қағаздың құны (тенгемен)		Барлығы (тәнгемен)	таза бағасы	есепке алған күні	өтеу күні	
8	9	10	11	12	13	14	15	16

кестенің жалғасы:

Бағалы қағаздардың ағымдағы құны			Анықтама үшін (тенгемен)				
барлығы (тенгемен)	(номиналды құны валютасында)	оның ішінде есептелген сыйақы (тенгемен)	қалыптастырылған резервтер (провизиялар)	бағалы қағаздар бойынша дебиторлық берешек	бағалы қағаздар бойынша мерзімі өткен дебиторлық берешек	мерзімі өткен дебиторлық берешек	мерзімі өткен дебиторлық берешек бойынша қалыптастырылған резервтер (provizialar)
17	18	19	20	21	22	23	

кестенің жалғасы:

Бағалы қағаздар санаты	Бағалы қағаздың рейтингі		Кор биржасы тізімінің санаты		Портфельдегі ағымдағы купондық мөлшерлеме (пайызбен)
	есепке алған күні	есепті күні	есепке алған күні	есепті күні	
24	25	26	27	28	29

2-кесте. "Кері репо" және репо операциялары бойынша сатып алғанған және орналастырылған бағалы қағаздар

№	Сенімгерлік басқарушының атауы	Эмитенттің атауы	Эмитенттің елі	Бағалы қағаздың түрі	Бағалы қағаздың сәйкестендіру нөмірі	Бағалы қағаздардың саны (дана)	Номинальды құн валютасының коды	Мәміле валютасының коды
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	"Кері репо"							
1.1.	тікелей тәсіл							
1.1.1.								
...								
1.2.	автоматты тәсіл							
1.2.1.								
...								
	Жиынтығы:							
2	Репо операциясы							
2.1.	тікелей тәсіл							
2.1.1.								
...								
2.2.	автоматты тәсіл							
2.2.1.								
...								
	Жиынтығы:							

кестенің жалғасы:

Бір бағалы қағаз үшін ашу бағасы		Бір бағалы қағаз үшін жабу бағасы		Кезеңі		Бағалы қағаздардың ағымдағы күні (тәнгемен)	Операция бойынша кірістілік мөлшерле месі (пайызбен)	Ескертпе
тәнгемен	номиналдық құн валютасында	тәнгемен	номиналдық құн валютасында	операцияны ашу күні	операцияны жабу күні			
10	11	12	13	14	15	16	17	18

3-кесте. Зейнетақы активтері есебінен орналастырылған салымдар

№	Сенімгерлік пен басқарушын ың атавы	Банктің атауы	Банктің рейтингі		Салым валютасын ың коды	Банктік салым шартын жасау күні және нөмірі	
			салымды орналастыр у күні	есепті күні		күні	нөмірі

1	2	3	4	5	6	7	8
	Жиынтығы:						

кестенің жалғасы:

Салым мерзімі күнмен) (кезеңділігі	Сыйакы төлеу кезеңі		Сыйакы мөлшерлемесі (жылдық пайызбен)		Салым бойынша негізгі борыш сомасы		
	күні	номиналды	тиімді	барлығы тенгемен)	(шетел валютасымен		
9	10	11	12	13	14	15	

кестенің жалғасы:

Ағымдағы құны				Анықтама үшін (тенгемен)			
барлығы (тенгемен)	оның ішінде есептелген сыйакы		Резиденттік елі	қалыптасты рылған резервтер	салымдар бойынша дебиторлық берешек	салымдар бойынша мерзімі өткен дебиторлық берешек	мерзімі өткен дебиторлық берешек бойынша қалыптасты рылған резервтер (proviziala r)
	тенгемен	шетел валютасымен					
16	17	18	19	20	21	22	23

4-кесте. Аффинирленген бағалы металдар

№	Сенімгерлік басқару шының атауы	Аффини рленген бағалы металды н атавы	Трой унцияла рының саны	Төлем валютас ының коды	Бір трой унциясының сатып алу бағасы		Жиынтық сатып алу құны		Ағымдағы құны	
					тенгеме н	шетел валютас ымен	тенгеме н	шетел валютас ымен	тенгеме н	шетел валютас ымен
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
	Жиынты ғы:									

5-кесте. Шартты талаптар мен міндеттемелер

№	Сенімгерлік басқару шының атауы	Тұынды каржы құралы түрінің атауы	Базалық актив	Валюта коды	Бағалы қағаздың сәйкестенді ру нөмірі	Тұынды құралмен операцияны жүзеге асыру күнінде талап ету (міндеттемел ер) сомасы (тенгемен)	Есепті құнгі агымдағы құны (тенгемен)	
							түрінің атауы	коды
1	2	3	4	5	6	7	8	
1.		Тұынды каржы құралдары						

	бойынша шартты талаптар					
1.1						
1.1.1						
...						
	Жиынтығы:					
2.	Түйнды каржы құралдары бойынша шартты міндеттемел ер					
2.1						
2.1.1						
...						
	Жиынтығы:					

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20__ жылғы "____"

Зейнетакы активтерінің
инвестициялық портфелінің
құрылымы туралы
есеп нысанына
қосымша

"Зейнетакы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп" (индексі – 1-ENPF_SPPA, кезеңділігі – ай сайын) әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша
түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірmede "Зейнетакы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры Нысанды есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша ай сайын толтырады. Нысанға тану тоқтатылған қаржы құралдары бойынша деректер енгізілмейді. Нысандадағы деректер теңгемен көрсетіледі.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тaraу. Нысанды толтыру бойынша түсіндірme

5. 2024 жылғы 1 қантардан бастап Нысан міндettі зейнетақы жарналары, міндettі кәсіптік зейнетақы жарналары мен ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері бойынша және жұмыс берушінің міндettі зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері бойынша жеке-жеке ұсынылады.

"Есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері" жолында зейнетақы жарналарына: "міндettі зейнетақы жарналарына, міндettі кәсіптік зейнетақы жарналарына және ерікті зейнетақы жарналарына" және "жұмыс берушінің міндettі зейнетақы жарналарына" байланысты қалыптастырылған зейнетақы активтері бойынша мәліметтер көрсетіледі.

6. 1-кесте бойынша:

- 1) Нысанды бағалы қағаздар жөніндегі деректер көрсетіледі;
- 2) 2-бағанда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі немесе сенімгерлік басқаруға зейнетақы активтері берілген инвестициялық портфельді басқарушының атауы көрсетіледі;
- 3) 3-бағанда бағалы қағаз эмитентінің атауы көрсетіледі;
- 4) 4-бағанда экономикалық қызмет түрі "Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышы" ҚР ҰС 03 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі. Осы баған Қазақстан Республикасының резидент эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары бойынша толтырылады;
- 5) 6-бағанда сатып алғанған бағалы қағаздың типі көрсетіле отырып, оның түрі көрсетіледі;
- 6) 7-бағанда ұлттық сәйкестендіру нөмірі (ҰСН) немесе халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) немесе бағалы қағаздың басқа сәйкестендіргіші көрсетіледі;
- 7) 8-бағанда сатып алғанған бағалы қағаздардың саны көрсетіледі;
- 8) 9 және 11-бағандарда валюталар кодтары "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі;

9) 10-бағанда облигациялар бойынша купондық облигация бойынша пайызбен көрсетілетін сыйақы есептелетін, облигацияны шығару кезінде айқындалған құнының ақшалай мәні, сондай-ақ облигацияны өтеу кезінде оны ұстаушыға төленуге тиіс сома көрсетіледі. Сома шығарылым валютасында көрсетіледі;

10) 12 және 13-бағандарда мәміленің жасалғанын растайтын бастапқы құжатта (биржалық куәлік, брокердің және (немесе) дилердің есебі, халықаралық банкаралық ақпарат беру және төлемдер жасау жүйесі СВИФТ (SWIFT) бойынша алынған растау) көрсетілген бағасы көрсетіледі. 13-бағанда: борыштық бағалы қағаздар бойынша номиналды құнына пайыздық қатынасындағы таза бағасы, үлестік бағалы қағаздар бойынша – абсолюттік мәнінде көрсетіледі;

11) 14-бағанда бухгалтерлік есепте бастапқы танылған күні көрсетіледі;

12) 15-бағанда борыштық бағалы қағаздарды өтеу күні көрсетіледі;

13) 16-бағанда агенттерге, консультанттарға, брокерлерге және (немесе) дилерлерге төленген сыйақы мен комиссиялық ақыны, қор биржаларының алымдарын, сондай-ақ аударым бойынша банктік қызметтерді қоса алғанда, сатып алуға тікелей байланысты шығысты қосқандағы және сатып алушы сатушыға төлеген пайыздың (ондай бар болса) шамасына кемітілген бағалы қағаздың сатып алу құны көрсетіледі;

14) 17-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген бағалы қағаздардың құны көрсетіледі;

15) 20-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген резервтердің (провизиялардың) сомасы көрсетіледі;

16) 21-бағанда шығарылым проспектінде белгіленген мерзімде төленуге тиіс бағалы қағаздар бойынша дебиторлық берешек сомасы көрсетіледі;

17) 22-бағанда шығарылым проспектінде көзделген мерзімде төленбеген бағалы қағаздар бойынша мерзімі өткен дебиторлық берешек көрсетіледі;

18) 23-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген дебиторлық және мерзімі өткен берешек бойынша резервтердің (provizialardyn) сомасы көрсетіледі;

19) 24-бағанда бағалы қағаздың "әділ құны бойынша бағаланатын", "амортизацияланған құны бойынша бағаланатын" санаты көрсетіледі;

20) 25 және 26-бағандарды толтырған кезде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 болып тіркелген "Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін занды тұлғалар және елдер үшін ең төменгі рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингілік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысының (бұдан әрі – № 385 қаулы) 3-тармағында көрсетілген рейтингтік агенттіктердің бірі берген облигациялар бойынша бағалы қағаздың рейтингі, акциялар бойынша эмитенттің рейтингі, мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша елдің рейтингі көрсетіледі. Рейтингі болмаған жағдайда 25 және 26-бағандарда "рейтингі жоқ" деп көрсетіледі.

Осы бағандар Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды. 25-бағанда бухгалтерлік есепте бастапқы танылған күніндегі рейтингі көрсетіледі;

21) 27 және 28-бағандарда Қазақстан Республикасы қор биржасының ресми тізіміне сәйкес Қазақстан Республикасы резиденттерінің бағалы қағаздарының санаты көрсетіледі. Қазақстан Республикасының қор биржасы тізімінің санаты болмаған кезде 27 және 28-бағандарда "листингі жоқ" деп көрсетіледі. Осы бағандар Қазақстан Республикасы бейрезиденттерінің бағалы қағаздары және Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды. 27-бағанда бухгалтерлік есепте бастапқы танылған күніндегі қор биржасы тізімінің санаты көрсетіледі;

22) 29-бағанда Нысанды ұсыну күніндегі борыштық қаржы құралдары бойынша купондық мөлшерлеме көрсетіледі.

7. 2-кесте бойынша:

1) 2-бағанда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе сенімгерлік басқаруға зейнетақы активтері берілген инвестициялық портфельді басқарушының атауы көрсетіледі;

2) 5-бағанда "көрі репо" (repo) операциялары бойынша сатып алғынған (орналастырылған) бағалы қағаздың типін көрсете отырып, түрі көрсетіледі;

3) 6-бағанда ұлттық сәйкестендіру нөмірі (ҰСН) немесе халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) немесе бағалы қағаздың басқа сәйкестендіргіші көрсетіледі;

4) 7-бағанда "көрі репо" (repo) операциялары бойынша сатып алғынған (орналастырылған) бағалы қағаздың саны көрсетіледі;

5) 8 және 9-бағандарда валюталар кодтары "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сиыншылаудың сәйкес көрсетіледі;

6) 10 және 11-бағандарда "көрі репо" (repo) операциясының жүзеге асырылуын растайтын бастапқы құжатта көрсетілген баға үтірден кейін төрт таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі. Сатып алғынған (орналастырылған) бағалы қағазға шетел валютасында ақы төлеген жағдайда, бір мезгілде ұлттық валюта – теңгедегі баламасын 10 және 12-бағандарда көрсете отырып, 11 және 13-бағандар толтырылады, сатып алғынған (орналастырылған) бағалы қағазға ұлттық валюта – теңгеде ақы төленген жағдайда 10 және 12-бағандар толтырылады;

7) 16-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген құн көрсетіледі.

8. 3-кесте бойынша:

1) 2-бағанда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе сенімгерлік басқаруға зейнетақы активтері берілген инвестициялық портфельді басқарушының атауы көрсетіледі;

2) 4 және 5-бағандарды толтырған кезде № 385 қаулының 3-тармағында көрсетілген рейтингтік агенттіктердің бірі берген банктің рейтингі көрсетіледі. Рейтингі болмаған

жағдайда 4 және 5-бағандарда "рейтингі жоқ" деп көрсетіледі. Осы бағандар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдар бойынша толтырылмайды;

3) 6-бағанда валюталар кодтары "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі;

4) 9-бағанда банктік салым шарты бойынша салым мерзімі, салым мерзімі ұзартылған кезде ұзарту мерзімін ескере отырып көрсетіледі;

5) 10 және 11-бағандарда жинақталған сыйақыны төлеу күні мен кезеңділігі банктік салым шартының талаптарына сәйкес көрсетіледі;

6) 14 және 15-бағандарда зейнетақы активтерін банктегі салымға орналастыру сомасы көрсетіледі. Зейнетақы активтерін салымға шетел валютасында орналастырган жағдайда бір мезгілде ұлттық валюта – теңгедегі баламасын 14-бағанда көрсете отырып, 15-баған толтырылады, зейнетақы активтерін ұлттық валюта – теңгемен орналастырылған жағдайда 14-баған толтырылады;

7) 16-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген салымдардың құны көрсетіледі;

8) 20-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген резервтердің (провизиялардың) сомасы көрсетіледі;

9) 21-бағанда салымдар бойынша дебиторлық берешек сомасы көрсетіледі;

10) 22-бағанда салымдар бойынша мерзімі өткен дебиторлық берешек көрсетіледі;

11) 23-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген дебиторлық және мерзімі өткен берешек бойынша резервтердің (provizialardyn) сомасы көрсетіледі;

12) 3-кесте әрбір банк және салымның әрбір валутасы бойынша жеке-жеке салымдар сомасын көрсете отырып, толтырылады.

9. 4-кесте бойынша:

1) 2-бағанда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе сенімгерлік басқаруға зейнетақы активтері берілген инвестициялық портфельді басқарушының атауы көрсетіледі;

2) 5-бағанда төлем валутасының коды "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі;

3) 6 және 8-бағандарда сатып алу бағасы мен сатып алу құны мәміле жасалған күні қалыптасқан валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша көрсетіледі, 11-бағанда сома есепті күнге қалыптасқан валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша көрсетіледі. Ұлттық валюта – теңгеде аффинирленген бағалы металды сатып алған жағдайда 6, 8 және 10-бағандар толтырылады;

4) 10-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген сома көрсетіледі.

10. 5-кесте бойынша:

1) 2-бағанда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе сенімгерлік басқаруға зейнетақы активтері берілген инвестициялық портфельді басқарушының атауы көрсетіледі;

2) 4-бағанда туынды қаржы құралының базалық активі (бағалы қағаздың және оның эмитентінің атауы, валюта, пайыздық мөлшерлеме, тауар және басқа да базалық активтер) көрсетіледі;

3) 5-бағанда мәміле валютасының коды көрсетіледі. Валюта коды "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" КР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сиынптауышына сәйкес көрсетіледі;

4) 6-бағанда ұлттық сәйкестендіру нөмірі (ҰСН) немесе халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) немесе бағалы қағаздың басқа сәйкестендіргіші көрсетіледі, 6-баған туынды қаржы құралының базалық активі бағалы қағаз болып табылған жағдайда толтырылады;

5) 7-бағанда Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7118 болып тіркелген "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі № 69 қаулысының талаптарына сәйкес туынды құралдармен операция жүргізу кезінде қалыптастырылатын шартты талаптар мен міндеттемелердің сомасы көрсетіледі;

6) 8-бағанда туынды қаржы құралының нарықтық құны (алмастыру құны) көрсетіледі, ол:

сатып алуға арналған мәмілелер бойынша – туынды қаржы құралының ағымдағы нарықтық құнының осы туынды қаржы құралының (шартты талаптар) номиналды келісімшарттық құнынан асып тұсу шамасын, туынды қаржы құралының номиналды келісімшарттық құнының осы туынды қаржы құралының (шартты міндеттемелер) ағымдағы нарықтық құнынан асып тұсу шамасын;

сатуға арналған мәмілелер бойынша – туынды қаржы құралының номиналды келісімшарттық құнының осы туынды қаржы құралының (шартты талаптар) ағымдағы нарықтық құнынан асып тұсу шамасын, туынды қаржы құралының ағымды нарықтық құнының осы туынды қаржы құралының (шартты міндеттемелер) номиналды келісімшарттық құнынан асып тұсу шамасын білдіреді.

11. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қаулыға

4-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының

2017 жылғы 28 тамыздағы

№ 167 қаулысына

4-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауга арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Сыртқы басқарудағы зейнетакы активтері туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-ENPF_A-VNESH

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20 __ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: бірыңғай жинақтаушы зейнетакы қоры

Әкімшілік деректер нысаның ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, сыртқы басқаруға берілген зейнетакы активтері болған жағдайда – есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиырмасынан) кешіктірмей, ай сайын

Нысан

Кесте. Сыртқы басқарудағы зейнетакы активтері

есебінен қалыптастырылған зейнетакы активтері

№	Зейнетакы активтерін сыртқы басқарушының атаяу	Сенімгерлікпен басқару шартының номірі және күні	Зейнетакы активтерін басқарудың болжанған кезеңі	Басқарудағы зейнетакы активтерінің ағымдағы құны (тенгемен)	Ескертпе
1	2	3	4	5	6
Жиынтығы:					

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса)

қолы

Күні 20__ жылғы " __ " _____

Сыртқы басқарудағы зейнетакы активтері туралы есеп нысанына
қосымша

"Сыртқы басқарудағы зейнетакы активтері туралы есеп" (индексі – 1-ENPF_A-VNESH, кезеңділігі – ай сайын) әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Сыртқы басқарудағы зейнетақы активтері туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңгай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы З-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Бірыңгай жинақтаушы зейнетақы қоры Нысанды есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша ай сайын толтырады. Нысандары деректер теңгемен көрсетіледі.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап Нысан міндетті зейнетақы журналары, міндетті кәсіптік зейнетақы журналары мен ерікті зейнетақы журналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері бойынша және жұмыс берушінің міндетті зейнетақы журналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері бойынша жеке-жеке ұсынылады.

"Есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері" жолында зейнетақы журналарына: "міндетті зейнетақы журналарына, міндетті кәсіптік зейнетақы журналарына және ерікті зейнетақы журналарына" және "жұмыс берушінің міндетті зейнетақы журналарына" байланысты қалыптастырылған зейнетақы активтері бойынша мәліметтер көрсетіледі.

6. Нысан шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талаптарына сәйкес келетін шетел ұйымында инвестициялық басқарудағы немесе инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруына берілген (бұдан әрі – зейнетақы активтерін басқарушы) активтер бойынша ұсынылады.

7. Нысан әрбір зейнетақы активтерін басқарушы бойынша толтырылады.

8. 4-бағанда шарт бойынша зейнетақы активтерін басқару кезеңі көрсетіледі. Егер шартта зейнетақы активтерін басқару кезеңі көзделмесе, онда 4-бағанда "-" белгісі қойылады.

9. 5-бағанда есепті күні басқарудағы зейнетақы активтерінің ағымдағы құны көрсетіледі.

1. Осы түсіндірmede "Меншікті активтер мен клиенттердің активтері құрамында есепке алынатын берілген қарыздар мен дебиторлық берешек туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 3-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды инвестициялық портфельді басқарушы, брокер және (немесе) дилер есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша ай сайын жасайды. Нысанды деректер мың теңгемен толтырылады. 500 (бес жұз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жұз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тaraу. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Нысанды брокердің және (немесе) дилердің және (немесе) инвестициялық портфельді басқарушының меншікті активтерінің және инвестициялық портфельді басқарушы клиенттерінің активтерінің құрамында есепке алынатын берілген қарыздар және дебиторлық берешек туралы, оның ішінде басқаға талап ету құқықтарын беру шарттары бойынша туралы мәліметтер көрсетіледі.

Брокердің және (немесе) дилердің және (немесе) инвестициялық портфельді басқарушының бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыру шенберінде қызмет көрсетуге, сондай-ақ әкімшілік-шаруашылық қызметке байланысты дебиторлық берешек сомасы жинақталған түрде беріледі. Брокердің және (немесе) дилердің және (немесе) инвестициялық портфельді басқарушының бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыру шенберінде қызмет көрсетуге, сондай-ақ әкімшілік-шаруашылық қызметке байланысты дебиторлық берешекке қатысты 3, 4, 5, 6, 7 және 11-бағандар толтырылмайды.

6. 3-бағанда контрагенттің (дебитордың) атауы көрсетіледі.

7. 4-бағанда қарыз беру күні немесе дебиторлық берешектің (басқаға талап ету құқықтарын беру шарттары бойынша талап ету құқықтары) туындаған күні "жылы.айы.күні" форматында көрсетіледі.

Эмитенттің бағалы қағаздар бойынша сыйақы төлеу берешегі көрсетілген кезде бағалы қағаздар бойынша сыйақы алу құқығы бар, бағалы қағаздар шығару проспектіндегі және (немесе) эмитент акционерлерінің жалпы жиналышының шешімінде белгіленген бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізімін жасау күні көрсетіледі.

8. 5-бағанда қарызды өтеу күні немесе дебиторлық берешек бойынша міндеттемелерді өтеу күні "жылы.айы.күні" форматында көрсетіледі.

9. 6-бағанда қарыз немесе дебиторлық берешек валютасы көрсетіледі. Валюта кодтары "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі.

10. 8 және 9-бағандарда есептелген сыйақы бар болса, оны көрсете отырып талаптардың ағымдағы құны көрсетіледі.

11. 10-бағанда бар болған жағдайда актив бойынша резервтер (провизиялар) сомасы көрсетіледі.

12. 11-бағанда оның негізінде қарыз берілген немесе дебиторлық берешек туындаған бастапқы есептік құжат (қарыз беру шарты, талап ету құқығын басқаға беру шарты, келісімдер және басқалар) көрсетіледі.

13. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қаулыға

26-қосымша

Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкі Баскармасының

2019 жылғы 28 қарашадағы

№ 211 қаулысына

7-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректердің нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Инвестициялық қорлар жөніндегі есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-RCB_IF

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы "_____" жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: инвестициялық портфельді басқарушылар

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: ай сайын, есептің айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей

Нысан

Кесте. Инвестициялық қорлар

(мың теңгемен)

Инвестициялық қордың атауы	Айналыстағы пайлар (акциялар) саны	Пайдың есептік құны (инвестициялық пай қоры үшін)		Пайдың кірістілігі (инвестициялық пай қоры үшін), жылдық пайызben
		есептің кезеңнің басында	есептің кезеңнің соңында	
1	2	3	4	5

кестенің жалғасы:

Акциялардың құны (акционерлік инвестициялық қор үшін)	Занды тұлғалардың пайшылар саны (инвестициялық пай қоры үшін)	Жеке тұлғалардың пайшылар саны (инвестициялық пай қоры үшін)	Кастодиан банктің атауы	Ескертпе
6	7	8	9	10

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса)

_____ қолы

Күні 20__ жылғы "____"

Инвестициялық қорлар
жөніндегі есеп нысанына
қосымша

"Инвестициялық қорлар жөніндегі есеп" (индекс: 1- RCB _IF, кезеңділігі: ай сайын)
әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірmede "Инвестициялық қорлар жөніндегі есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы З-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы З-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды инвестициялық портфельді басқарушы ай сайын жасайды және есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша толтырады. Нысанды деректер мың теңгемен толтырылады..

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 5-баған ((P1/P2-1)/N x 365 күн x 100) формула бойынша толтырылады, мұнда:

P1 - есепті кезеңнің соңындағы пайдың есептік құны (4-баған);

P2 - есепті кезеңнің басындағы пайдың есептік құны (3-баған);

N - есепті кезеңдегі күндер саны.

6. 3, 4, 5 және 6-бағандар үтірден кейін төрт таңбамен көрсетіледі.

7. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қаулыға

27-қосымша

Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкі Басқармасының

2019 жылғы 28 қарашадағы

№ 211 қаулысына

8-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауга арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректердің нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Клиенттердің активтері есебінен сатып алынған инвестициялық портфельдің құрылымы туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-RCB_СП_client

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы "_____" жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: инвестициялық портфельді басқарушылар

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей

Нысан

1-кесте. Клиенттердің активтері есебінен сатып алынған бағалы қағаздар (мың теңгемен)

						Бағалы қағаздардың саны (дана)
						оның ішінде ауыртпалық салынған бағалы қағаздар және

№	Клиенттің атауы	Эмитенттің атауы	Эмитенттің елі	Бағалы қағаздың түрі	Бағалы қағаздың сәйкестендіру номірі	барлығы	р е п о операцияларының мәні болып табылатын бағалы қағаздар	
							барлығы	оның ішінде репо операцияларының мәні болып табылатын бағалы қағаздар
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1.	Инвестициялық қорлар бойынша жиынтығы							
1.1.								
...								
2.	Барлық басқа да клиенттер бойынша жиынтығы							
2.1.								
...								
Барлығы:								

кестенің жалғасы:

Номиналдық құны		Төлем валютасының коды	Бір бағалы қағазды сатып алу бағасы	Кезең		Бағалы қағаздың сатып алу құны
валюта коды	бір бағалы қағаздың құны			есепке қою күні	өтөу күні	
10	11	12	13	14	15	16

кестенің жалғасы:

Бағалы қағаздардың баланстық құны				
Барлығы				оның ішінде ауыртпалық салынған бағалы қағаздар және репо операцияларының мәні болып табылатын бағалы қағаздар
барлығы	оның ішінде есептелген сыйақы	барлығы	барлығы	оның ішінде репо операцияларының мәні болып табылатын бағалы қағаздар
17	18	19	20	21

кестенің жалғасы:

Бағалы қағаздың рейтингі	Кор биржасы тізімінің санаты	Портфельдегі ағымдағы купондық

есепке кою күніне	есепті күнге	есепке кою күніне	есепті күнге	мөлшерлеме, жылдық пайызбен
22	23	24	25	26

2-кесте. Клиенттердің активтері есебінен "көрі репо" операциялары бойынша сатып алынған бағалы қағаздар

(мын тәңгемен)

№	Клиенттің атауы	Эмитенттің атауы	Эмитенттің елі	Бағалы қағаздың түрі	Бағалы қағаздың сәйкестендіру нөмірі	Бағалы қағаздардың саны (дана)
1	2	3	4	5	6	7
1.	Инвестициялық қорлар бойынша жиынтығы					
1.1.						
...						
2.	Барлық басқа да клиенттер бойынша жиынтығы					
2.1.						
...						
	Барлығы:					

кестенің жалғасы:

Номиналдық құн валютасының коды	Мәміле валютасының коды	Бір бағалы қағаздың ашу бағасы	
		тәңгемен	номиналдық құнның валютасымен
8	9	10	11

кестенің жалғасы:

Бір бағалы қағаздың жабу бағасы		Кезең		Бағалы қағаздардың баланстық күні	Операция бойынша кірістілік мөлшерлемесі (жылдық пайызбен)	Бағалы қағаздың рейтингі		Кор биржасы тізімінің санаты	
тәңгемен	номиналдық құнның валютасы мен	Операцияны ашу күні	Операцияны жабу күні			есепке кою күніне	есепті күнге	есепке кою күніне	есепті күнге
12	13	14	15	16	17	18	19	20	21

3-кесте. Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар

(мын тәңгемен)

№	Клиенттің атауы	Банктің атауы	Банктің рейтингі		Салым валютасының коды	Банктік салым шартының жасалған күні және нөмірі		Салымның мерзімі (күндер)
			салымды орналастыру күні	есепті күні		күні	нөмірі	
1	2	3	4	5	6	7	8	9

1.	Инвестициялық қорлар бойынша жиынтығы						
1.1.							
...							
2.	Барлық басқа да клиенттер бойынша жиынтығы						
2.1.							
...							
	Барлығы:						

кестенің жалғасы:

Сыйакы төлеу кезеңі		Сыйакы мөлшерлемесі (жылдық пайызбен)		Салым бойынша негізгі борыш сомасы		Баланстық құны		Анықтама үшін: қалыптаст ырылған резервтер (provizиял ар)									
Кезеңділіг і	күні	номиналд ы	тиімді	барлығы	шетел валютасы мен	барлығы	оның ішінде, есептелген сыйакы	10	11	12	13	14	15	16	17	18	

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса)

қолы

Күні 20__ жылғы "___"

Клиенттердің активтері есебінен сатып алған инвестициялық портфельдің құрылымы туралы есеп нысанына
қосымша

"Клиенттердің активтері есебінен сатып алған инвестициялық портфельдің құрылымы туралы есеп" (индексі: 1- RCB_SP_client, кезеңділігі: ай сайын) әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

- Осы түсіндірmede "Клиенттердің активтері есебінен сатып алған инвестициялық портфельдің құрылымы туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздаррынды туралы" Қазақстан Республикасының Заңы З-бабының З-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы З-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды инвестициялық портфельді басқарушы ай сайын жасайды және есепті кезеңдің соңындағы жағдай бойынша толтырады. Нысандарды деректер мың теңгемен толтырылады. 500 (бес жұз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жұз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тaraу. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Нысан әрбір инвестициялық қор бойынша және инвестициялық қор болып табылмайтын барлық клиенттер бойынша толтырылады.

6. 1-кесте бойынша:

1) 2-бағанда инвестициялық портфельді басқарушы клиенттің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) немесе атауы көрсетіледі.

2) 3-бағанда бағалы қағаз эмитенттің атауы көрсетіледі.

3) 5-бағанда типі көрсетіле отырып, сатып алған бағалы қағаз түрі көрсетіледі;

4) 7-бағанда сатып алған бағалы қағаздардың саны данамен көрсетіледі. Борыштық бағалы қағаздар шығарылым валютасында номиналдық құны бойынша көрсетіледі;

5) 8-бағанда есепті құнгеле ауыртпалық салынған бағалы қағаздар және репо операцияларының мәні болып табылатын бағалы қағаздар саны көрсетіледі. Борыштық бағалы қағаздар шығарылым валютасында номиналдық құны бойынша көрсетіледі;

6) 9-бағанда есепті құнгеле репо операцияларының мәні болып табылатын бағалы қағаздар саны көрсетіледі. Борыштық бағалы қағаздар шығарылым валютасында номиналдық құны бойынша көрсетіледі;

7) 10 және 12-бағандарда валюта кодтары "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыйыптауышына сәйкес көрсетіледі;

8) 11-баған борыштық бағалы қағаздар бойынша толтырылады;

9) 12-бағанда мәміленің теңгемен жүзеге асырылғанын ратайтын бастапқы құжатта (брокердің және (немесе) дилердің есебі, СВИФТ (SWIFT) халықаралық банкаралық ақпарат беру және төлемдер жасау жүйесі бойынша алғынған раставу) жазылған баға үтірден кейін төрт таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі. Борыштық бағалы қағаздардың бағасы жинақталған және төленбеген сыйақыны ескере отырып, үтірден

кейін төрт таңбаға дейінгі дәлдікпен номиналды құнға қатысты пайызбен көрсетіледі. Сатып алынған бағалы қағаз (борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда) шетел валютасымен төленген жағдайда осы сома мәміле бойынша есеп айырысқан күні қалыптасқан валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша көрсетіледі.

10) 14-бағанда бухгалтерлік есепте бастапқы тану күні "жылы.айы.күні" форматында көрсетіледі;

11) 15-бағанда борыштық бағалы қағаздарды өтеу мерзімі "жылы.айы.күні" форматында көрсетіледі;

12) 16-бағанда агенттерге, консультанттарға, брокерлерге (дилерлерге) төленген сыйақыны және комиссияны қосқанда, тікелей сатып алуға байланысты шығыстарды, қор биржаларының алымдарын, сондай-ақ аударым бойынша банк қызметтерін қосқанда, сатып алушының сатушыға төлеген пайзызының (мұндай бар болса) шамасына азайтылған бағалы қағаздардың сатып алу құны көрсетіледі. Сатып алынған бағалы қағаз шетел валютасымен төленген жағдайда осы сома мәміле бойынша есеп айырысқан күні қалыптасқан валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша көрсетіледі.

13) 17-бағанда бағалы қағаздардың бухгалтерлік есепте берілген құны көрсетіледі.

14) 19-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген, ауыртпалық салынған бағалы қағаздар және репо операцияларының мәні болып табылатын бағалы қағаздар құны көрсетіледі;

15) 20-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген, репо операцияларының мәні болып табылатын бағалы қағаздар құны көрсетіледі;

16) 21-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген, қалыптастырылған резервтердің (провизиялардың) сомасы көрсетіледі;

17) 22 және 23-бағандарды толтыру кезінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 болып тіркелген "Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін занды тұлғалар және елдер үшін ең төменгі рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтинглік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысының қаулысының (бұдан әрі – № 385 қаулы) 3-тармағында көрсетілген рейтингтік агенттіктердің бірі берген облигациялар бойынша бағалы қағаздың рейтингі, эмитенттің акциялар бойынша рейтингі, мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша ел рейтингі көрсетіледі. Рейтингі болмаған кезде 22 және 23-бағандарда "рейтингі жоқ" деп көрсетіледі. Бұл бағандар Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды. 22-бағанда бухгалтерлік есепте бастапқы танылған куніндегі рейтингі көрсетіледі;

18) 24 және 25-бағандарда Қазақстан Республикасының қор биржасының ресми тізіміне сәйкес Қазақстан Республикасы резиденттерінің бағалы қағаздарының санаты көрсетіледі. Қазақстан Республикасының қор биржасы ресми тізімінің санаты болмаған кезде 24 және 25-бағандарда "листингі жоқ" деп көрсетіледі. Бұл бағандар Қазақстан Республикасы бейрезиденттерінің бағалы қағаздары мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды. 24-бағанда бухгалтерлік есепте бастапқы танылған күніндегі қор биржасы тізімінің санаты көрсетіледі;

19) 26-бағанда Нысанды ұсыну күні борыштық қаржы құралдары бойынша купондық мөлшерлеме көрсетіледі;

20) 8, 9, 19 және 20-бағандар 7 және 17-бағандарда көрсетілген бағалы қағаздарға қатысты толтырылады;

21) 1-кестеде зейнетақы активтерінің есебінен сатып алғынған бағалы қағаздар көрсетіледі.

7. 2-кесте бойынша:

1) 2-бағанда инвестициялық портфельді басқарушы клиентінің тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) немесе атауы көрсетіледі;

2) 3-бағанда бағалы қағаз эмитентінің атауы көрсетіледі;

3) 5-бағанда "көрі репо" операциялары бойынша типі көрсетіле отырып, сатып алғынған бағалы қағаздың түрі көрсетіледі.

4) 8 және 9-бағандарда валюта кодтары "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыйыптауышына сәйкес көрсетіледі;

5) 10 және 11-бағандарда "көрі репо" операциясының жүзеге асырылуын растайтын бастапқы құжатта көрсетілген баға үтірден кейін төрт таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі. Сатып алғынған бағалы қағазға шетел валютасымен ақы төленген жағдайда, баламасы ұлттық валюта - теңгемен 10 және 12-бағандарда бір мезгілде көрсетіле отырып, 11 және 13-бағандар толтырылады, сатып алғынған бағалы қағазға ұлттық валюта - теңгемен ақы төленген жағдайда, 10 және 12-бағандар толтырылады;

6) 16-бағанда бухгалтерлік есепте берілген құны көрсетіледі;

7) 18 және 19-бағандарды толтыру кезінде № 385 қаулының 3-тармағында көрсетілген рейтингтік агенттіктердің бірі берген облигациялар бойынша бағалы қағаздың рейтингі, эмитенттің акциялар бойынша рейтингі, мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша ел рейтингі көрсетіледі. Рейтингі болмаған кезде 18 және 19-бағандарда "рейтингі жоқ" деп көрсетіледі. Бұл бағандар Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды. 18-бағанда бухгалтерлік есепте бастапқы танылған күніндегі рейтингі көрсетіледі;

8) 20 және 21-бағандарда Қазақстан Республикасының қор биржасының ресми тізіміне сәйкес Қазақстан Республикасы резиденттерінің бағалы қағаздарының санаты көрсетіледі. Қазақстан Республикасының қор биржасы ресми тізімінің санаты болмаған

кезде 20 және 21-бағандарда "листингі жоқ" деп көрсетіледі. Бұл бағандар Қазақстан Республикасы бейрезиденттерінің бағалы қағаздары мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды. 20-бағанда бухгалтерлік есепте бастапқы танылған күніндегі қор биржасы тізімінің санаты көрсетіледі;

9) 2-кестеде зейнетақы активтері есебінен "кері репо" операциялары бойынша сатып алған бағалы қағаздар көрсетілмейді.

8. 3-кесте бойынша:

1) 2-бағанда инвестициялық портфельді басқарушы клиентінің тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) немесе атауы көрсетіледі;

2) 3-бағанда банктің атауы көрсетіледі;

3) 4 және 5-бағандарды толтыру кезінде № 385 қаулының 3-тармағында көрсетілген рейтингтік агенттіктердің бірі берген екінші деңгейдегі банктің рейтингі көрсетіледі. Рейтингі болмаған кезде 4 және 5-бағандарда "рейтингі жоқ" деп көрсетіледі. Бұл бағандар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдар бойынша толтырылмайды;

4) 6-бағанда валюта кодтары "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" КР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі;

5) 9-бағанда банктік салым шарты бойынша салымның мерзімі көрсетіледі, салым мерзімі ұзартылған жағдайда, ұзартылған мерзімі ескеріліп көрсетіледі;

6) 10 және 11-бағандарда жинақталған сыйақыны төлеу күні мен кезеңділігі банктік салым шартының талаптарына сәйкес көрсетіледі. 11-бағанда күні "жылы.айы.күні" форматында көрсетіледі.

7) 14 және 15-бағандарда клиенттердің активтерін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі және екінші деңгейдегі банктердегі салымға орналастыру сомасы көрсетіледі. Зейнетақы активтері шетел валютасымен салымға орналастырылған жағдайда, баламасы ұлттық валюта - теңгемен 14-бағанда бір мезгілде көрсетіле отырып, 15-баған толтырылады, зейнетақы активтері ұлттық валюта - теңгемен салымға орналастырылған жағдайда, 14-баған толтырылады;

8) 16-бағанда бухгалтерлік есепте жазылған күн көрсетіледі;

9) 3-кесте әрбір банк бойынша және салымның әрбір валютасы бойынша жеке-жеке салымдар сомасы көрсетіле отырып толтырылады;

10) 3-кестеде зейнетақы активтері есебінен орналастырылған салымдар көрсетілмейді.

9. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қаулыға

28-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы

Әкімшілік деректерді жинауга арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректердің нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Инвестициялық қордың өзге мүлігінің құрылымы туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-RCB_PROPERTY

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы "_____" жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: инвестициялық портфельді басқарушылар

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей

Нысан

Кесте. Инвестициялық қордың өзге мүлігінің құрылымы
(мың теңгемен)

№	Инвестициял ық қордың атауы	Мүліктің атауы	Сатып алу күны	Баланстық күны	Есепке қою күні	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7
1.	x	Жер телімдері				
1.1.						
...						
2	x	Үйлер мен ғимараттар				
2.1.						
...						
3.	x	Басқа да негізгі құралдар				
3.1.						
...						
	Барлығы					

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және экесінің аты (ол бар болса) _____ қолы, телефоны _____

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса)

Күні 20__ жылғы "___"

қолы

Инвестициялық қордың өзге
мұлігінің құрылымы туралы
есеп нысанына
қосымша

"Инвестициялық қордың өзге мұлігінің құрылымы туралы есеп" (индексі: 1-RCB_PROPERTY, кезеңділігі: ай сайын) әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірmede "Инвестициялық қордың өзге мұлігінің құрылымы туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 3-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды инвестициялық портфельді басқарушы ай сайын жасайды және есепті кезеңдің соңындағы жағдай бойынша толтырады. Нысанды деректер мың теңгемен толтырылады. 500 (бес жұз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жұз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 3-бағанда өзге мұліктің атауы мен оның орналасқан жері көрсетіледі.

6. 4-бағанда нақты шығындар бойынша бағаланатын мәліметтер көрсетіледі. Мәміле жасалған кезде келтірілген шығындар (өзге мұлікті сатып алуға тікелей байланысты), оның ішінде агенттерге, жеткізушілерге төленген сыйақылар мен комиссиялық сыйақылар, сондай-ақ ақша аудару бойынша банк шығыстары осы мұліктің құнына кіргізіледі. Осы күнгі өзге мұліктің құнына сатып алған кезге дейінгі кезеңде есептелген сыйақы енгізіледі (мұндай бар болса).

7. 5-бағанда бухгалтерлік есепте берілген мұліктің құны көрсетіледі.

8. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қаулыға
 29-қосымша
 Қазақстан Республикасы
 Ұлттық Банкі Басқармасының
 2019 жылғы 28 қарашадағы
 № 211 қаулысына
 10-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауга арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректердің нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Акционерлік қоғамдар болып табылмайтын занды тұлғалардың капиталына инвестициялық қордың және басқа да клиенттердің инвестициялары туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-RCB_IKDU_client

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы "_____" жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: инвестициялық портфельді басқарушылар

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей

Нысан

Кесте. Акционерлік қоғамдар болып табылмайтын занды тұлғалардың капиталына инвестиациялық қордың және басқа да клиенттердің инвестиациялары туралы есеп

№	инвестици ялық портфельд і басқаруш ы клиенттің атауы	Эмитенттің атауы	Сатып алу күні (мың теңгемен)	Төлеу күні	Баланстық күні (мың теңгемен)	Эмитенттің жарғылық капиталындағы үлесі (пайызбелі)	Меншік күкірткеудің күні	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1.	Инвестици ялық қорлар бойынша жиынтығы							
1.1.								
...								
2.	Барлық басқа да клиенттер бойынша жиынтығы							

2.1.					
...					
	Барлығы:				

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және экесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және экесінің аты (ол бар болса)

қолы

Күні 20__ жылғы "___" _____

Акционерлік қоғамдар болып
табылмайтын занды
тұлғалардың капиталына
инвестициялық қордың және
басқа да клиенттердің
инвестициялары
туралы есеп нысанына
қосымша

"Акционерлік қоғамдар болып табылмайтын занды тұлғалардың капиталына инвестициялық қордың және басқа да клиенттердің инвестициялары туралы есеп" (индексі – 1-RCB_PKDU_client, кезеңділігі: ай сайын) әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірmede "Акционерлік қоғамдар болып табылмайтын занды тұлғалардың капиталына инвестиациялық қордың және басқа да клиенттердің инвестиациялары туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірынғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 3-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды инвестиациялық портфельді басқарушы ай сайын жасайды және есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша толтырады. Нысандагы деректер бір мың теңгемен толтырылады. 500 (бес жұз) теңгеден аз сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жұз) теңгеге тең және одан көп сома 1000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тaraу. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 2-бағанда жеке тұлғаның тегі, аты және экесінің аты (ол бар болса), инвестициялық қордың немесе инвестициялық портфельді басқарушының клиенті болып табылатын занды тұлғаның атауы көрсетіледі.

6. 4-бағанда сатып алу құніне акциялардың сатып алу құны көрсетіледі.

7. 6-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген инвестиациялардың құны көрсетіледі.

8. Нысан әрбір клиент бойынша бөле отырып толтырылады.

9. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қаулыға

30-қосымша

Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкі Басқармасының

2019 жылғы 28 қарашадағы

№ 211 қаулысына

11-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауга арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Зейнетакы активтерінің құны туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-RCB_PA

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20 ____ жылғы _____ жағдай бойынша

Ақпарат ұсынатын тұлғалар тобы: ерікті жинақтаушы зейнетакы қоры, зейнетакы активтері сенімгерлік басқаруға берілген инвестициялық портфельді басқарушы (бұдан әрі – сенімгерлік басқарушы)

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

Нысан

Кесте. Зейнетакы активтерінің құны
(тенгемен)

№	Көрсеткіш	күні	күні
1	2	3	...
1.	Күннің басындағы инвестициялық		

	шоттардағы қалдық, оның ішінде:	
1.1	теңгемен	
1.2	шетел валютасымен	
2.	Инвестициялық шоттарға күн соңында түскен ақша , оның ішінде:	
2.1	теңгемен	
2.2	шетел валюталарымен	
3.	Инвестициялық шоттардан күн соңында шығарылған ақша, оның ішінде:	
3.1	теңгемен	
3.2	шетел валютасымен	
4.	Инвестициялық шоттарда күн соңындағы қалдық ((1)+(2)-(3)), оның ішінде:	
4.1	теңгемен	
4.2	шетел валютасымен	
5.	Басқа да активтердің күн басындағы құны, оның ішінде:	
5.1	теңгемен	
5.2	шетел валютасымен	
6.	Басқа да активтердің күн соңындағы құны, оның ішінде:	
6.1	теңгемен	
6.2	шетел валютасымен	
7.	Күн басындағы каржылық инвестициялар құнының барлығы, оның ішінде:	
7.1	туынды қаржы құралдары	
8.	Күн соңында түскен каржы құралдары	
9.	Күн аяқталғанда шығарылған қаржы құралдары	
10.	Күн соңындағы каржылық инвестициялар құнының барлығы ((7)+(8) (9)+(11)-(11.4.1)), оның ішінде:	

10.1	туынды каржы құралдары		
11.	Күн соңында есептелген инвестициялық кіріс (шығыс), оның ішінде		
11.1	каржы құралдары бойынша сыйақы алуға байланысты кіріс (шығыс)		
11.2	әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар құнының өзгеруінен түсетін кіріс (шығыс)		
11.3	басқа да активтер құнының өзгеруінен кіріс (шығыс)		
11.4	шетел валютасын қайта бағалаудан кіріс (шығыс), оның ішінде:		
11.4.1	инвестициялық шоттағы акшаны және басқа активтерді қайта бағалаудан кіріс (шығыс)		
11.4.2	каражылық инвестицияларды қайта бағалаудан кіріс (шығыс)		
11.5	бағалы қағаздардың құнсыздануынан болатын ықтимал шығынды өтеу үшін резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруге (қалыптастыруға) байланысты кіріс (шығыс)		
11.6	басқа да кіріс (шығыс)		
12.	Күн соңындағы зейнетақы активтерінің ағымдағы құнының жиынтығы ((4)+(6)+(10))		
13.	Күн соңындағы зейнетақы активтерінен комиссиялық сыйақы, оның ішінде:		
13.1	Есептелген		
13.2	Төленген		
14.	Зейнетақы активтерінен комиссиялық сыйақы		

	бойынша берешек қалдығы		
15.	Күн аяқталғанда инвестициялық кірістен комиссиялық сыйақы, оның ішінде:		
15.1	Есептелген		
15.2	Төленген		
16.	Инвестициялық кірістен комиссиялық сыйақы бойынша берешек қалдығы		
17.	Зейнетақы активтеріне жатқызылатын есептелген зейнетақы міндеттемелері, күн аяқталғанда, оның ішінде :		
17.1	кәте (жаңылыс есепке алынған) сома		
17.2	төлемдер және аударымдар		
17.3	басқалары		
18.	Ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры орындаған, зейнетақы активтеріне жатқызылатын зейнетақы міндеттемелері, күн соңында:		
18.1	инвестициялық шоттан кәте (жаңылыс есепке алынған) сома		
18.2	төлемдер және аударымдар		
18.3	басқалары		
19.	Күн соңындағы зейнетақы міндеттемелерінің қалдығы		
20.	Күн соңындағы зейнетақы активтері бойынша міндеттемелер жиынтығы ((15)+(17)+(19)):		
21.	Күн соңындағы "таза" зейнетақы активтері құнының жиынтығы ((12)-(20))		

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және экесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және экесінің аты (ол бар болса)

қолы

Күні 20__ жылғы "_____"

Зейнетакы активтерінің
құны туралы есеп нысанына
қосымша

**"Зейнетакы активтерінің құны туралы есеп" (индексі – 1-RCB_PA, кезеңділігі: ай сайын)
әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірmede "Зейнетакы активтерінің құны туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 3-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды ерікті жинақтаушы зейнетакы қоры, сенімгерлік басқарушы ай сайын жасайды және есепті кезеңге толтырады. Нысандары деректер теңгемен толтырылады.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Нысан есепті айдың әрбір күні үшін толтырылады. Күні "жылды.күні. айы" форматында көрсетіледі.

6. 1.2, 2.2, 3.2, 4.2, 5.2 және 6.2-жолдарда теңгеге балама сома көрсетіледі

7. 6-жолда көрсетілген есепті кезеңнің соңындағы басқа да активтердің тізбесі ақпараттық жүйеде көзделген Нысанға ескертпеде көрсетіледі.

8. 8-жолды толтырган кезде нақты шығын бойынша бағаланатын қаржы құралдары жөнінде мәліметтер көрсетіледі. Мәміле жасау (қаржы құралдарын сатып алуға тікелей байланысты) кезінде келтірілген шығын, оның ішінде агенттерге, консультанттарға, брокерлерге (дилерлерге) төленген сыйақылар мен комиссиялық сыйақылар, қор

биржаларының алымдары, сондай-ақ аударым бойынша банк шығысы осы қаржы құралдарының құнына қосылады. Қаржы құралдарының құнына сатып алған сәтке дейінгі кезенде есептелген сыйақылар (осындай бар болса) да кіреді.

9. 9-жолды толтырған кезде нақты сату немесе өтеу құны бойынша сатылған немесе өтептеген қаржы құралдары туралы мәліметтер көрсетіледі.

10. 10-жол бойынша мәліметтер осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есептің деректеріне сәйкес көрсетіледі.

11. 11.5-жолды толтырған кезде резервтер (провизиялар) айна бір рет, олар қалыптасқан күннің соңында көрсетіледі.

12. 11.6-жолды толтырған кезде алынған кіріс көздерінің тізбесі және зейнетақы активтерінің құнына енгізілген шеккен зиян туралы мәліметтер қоса беріледі.

13. 13 және 15-жолдарда ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының, сенімгерлік басқарушының комиссиялық сыйақы сомасы көрсетіледі.

14. 14 және 16-жолдарды толтырған кезде есепті кезеңдің соңындағы деректер ескеріле отырып, өспелі жиынтығымен комиссиялық сыйақы бойынша берешек қалдығы көрсетіледі.

15. 17.2 және 18.2-жолдарды толтырған кезде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына, басқа ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына, сактандыру ұйымдарына аударылған зейнетақы жинақтарының сомасы, алушыларға және басқа тұлғаларға төленген сома, зейнетақы төлемдерінен табыс салығы сомасы көрсетіледі.

16. 17.3 және 18.3-жолдарды толтырған кезде зейнетақы активтерінің құнына қосылған міндеттемелер тізбесі қоса беріледі.

17. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қаулыға

31-қосымша

Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкі Басқармасының

2019 жылғы 28 қарашадағы

№ 211 қаулысына

12-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауга арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-RCB_SPPA

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20 жылғы жағдай бойынша

Ақпарат ұсынатын тұлғалар тобы: ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры, зейнетақы активтері сенімгерлік басқаруға берілген инвестициялық портфельді басқарушы (бұдан әрі – сенімгерлік басқарушы)

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

Нысан

1-кесте. Зейнетақы активтері есебінен сатып алынған бағалы қағаздар
(тенгемен)

№	Эмитенттің атауы	Экономикалық қызмет түрі	Эмитенттің елі	Бағалы қағаздың түрі	Бағалы қағаздың сәйкестендіру нөмірі
1	2	3	4	5	6
1	Қазақстан Республикасын ың мемлекеттік бағалы қағаздары				
1.1.		x			
...		x			
2	Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары				
2.1.	екінші деңгейдегі банктердің бағалы қағаздары				
2.1.1.					
...					
2.2.	екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, заңды тұлғалардың бағалы қағаздары				
2.2.1.					
...					
	Ш е т мемлекеттердің				

3.	бағалы қағаздары						
3.1.		x					
...		x					
4.	Қазақстан Республикасын ың бейрезидент эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары						
4.1.		x					
...		x					
5.	Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары						
5.1.		x					
...		x					
6	Пайлар						
6.1.							
...							
7	Жиынтығы:	x					

кестенің жалғасы:

Бағалы қағаздар саны	Номиналды құны		Төлем валютасын ың коды	Бір бағалы қағазды сатып алу бағасы		Кезең		Бағалы қағазды сатып алу құны
	валюта коды	бір бағалы қағаздың құны		теңгемен	номиналд ы құнның валютасы мен	есепке қою күні	өтеу күні	
7	8	9	10	11	12	13	14	15

кестенің жалғасы:

Бағалы қағаздардың ағымдағы құны			Анықтам а үшін: оның ішінде калыптас кан резервтер (привизия лар)	Бағалы қағаздар санаты	Бағалы қағаздар рейтингі		Қор биржасы тізімінің санаты		Портфел ьдегі ағымдағы купонды қ мөлшерл еме
Барлығы	барлығы	номиналд ы құнның валютасы мен	есептелең ішінде есептілген сыйакы		есепке көйилған күні	есепті күні	есепке көйилған күні	есепті күні	
16	17	18	19	20	21	22	23	24	25

2-кесте. "Кері репо" операциялары бойынша сатып алғылған бағалы қағаздар
(тенгемен)

№	Эмитенттің атауы	Эмитенттің елі	Бағалы қағаз түрі	Бағалы қағаздың сойкестендіру нөмірі	Бағалы қағаздар саны (дана)	Номиналдық ұнвалютасының коды	Мәміле валютасының коды
1	2	3	4	5	6	7	8
	Жиынтығы:						

кестенің жалғасы:

Бір бағалы қағаздың ашылу бағасы		Бір бағалы қағаздың жабылу бағасы		Кезең		Бағалы қағаздардың ағымдағы күны	Операция бойынша кірістілік мөлшерлемесі
тенгемен	номиналдық құнның валютасымен	тенгемен	номиналдық құнның валютасымен	операцияла рды ашу күні	Операцияла рды жабу күні		
9	10	11	12	13	14	15	16

3-кесте. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі және екінші деңгейдегі банктердегі салымдар

(тәңгемен)

Кестенің жалғасы:

Сыйақы мөлшерлемесі (жылдық пайызбен)		Салым бойынша негізгі борыш сомасы		Ағымдағы құны			Анықтама үшін: қалыптастырылған резервтер (provizиялар)	
номиналды	тиімді	барлығы	шетел валютасымен	барлығы	оның ішінде, есептелген сыйақы		шетел валютасымен	теңгемен
11	12	13	14	15	16		17	18

4-кесте. Аффинирленген бағалы металдар (тengemen)

5-кесте. Шартты талаптар (міндеттемелер)

(теңгемен)

№	Түнды қаржы құралы түрінің атауы	Базалық актив	Валюта коды	Бағалы кағаздың сәйкестендірү нөмірі	Түнды құралмен операция жүзеге асырылған күнгі талаптар (міндеттемеле р) сомасы	Есепті күнгі ағымдағы күны
1	2	3	4	5	6	7
1	Түнды қаржы құралдары бойынша шартты талаптар					
1.1						
1.1.1						
...						
2	Түнды қаржы құралдары бойынша шартты міндеттемеле р					
2.1						
2.1.1						
...						

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса)

қолы

Күні 20 _____ жылғы " _____ "

Зейнетакы активтерінің
инвестициялық портфелінің
құрылымы туралы
есеп нысанына
қосымша

"Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп" (индексі – 1-RCB_SPPA, кезеңділігі: ай сайын) әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірmede "Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірынғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы З-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы З-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры, сенімгерлік басқарушы ай сайын жасайды және есепті кезең үшін толтырады. Нысандарды деректер теңгемен толтырылады.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 1-кесте бойынша:

1) 1-кестеде бағалы қағаздар және эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша әмитенттің міндеттемелері бойынша талап ету құқығы бойынша деректер көрсетіледі;

2) 3-бағанда экономикалық қызмет түрі "Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышы" ҚР ҰС 03 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі. Осы баған Қазақстан Республикасының резидент-әмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары бойынша толтырылады. Осы баған Қазақстан Республикасы резидент әмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары бойынша толтырылады;

3) 5-бағанда сатып алған бағалы қағаздың түрі оның типі көрсетіле отырып көрсетіледі;

4) 6-бағанда бағалы қағаздың ұлттық сәйкестендіру нөмірі (YCH) немесе халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) немесе басқа сәйкестендіргіші көрсетіледі;

5) 7-бағанда сатып алған бағалы қағаздар саны данамен көрсетіледі. Борыштық бағалы қағаздар шығарылым валютасының номиналдық құны бойынша көрсетіледі;

6) 8 және 10-бағандарда валюта кодтары "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі;

7) 9-бағанда облигациялар бойынша облигация шығарылған кезде айқындалған, оған купондық облигация бойынша пайызбен көрсетілген сыйақы есептелетін облигация құнының ақшалай көрінісі, сондай-ақ оны өтеу кезінде облигация ұстаушыға төленуі тиіс сома көрсетіледі. Сома шығарылым валютасымен көрсетіледі;

8) 11 және 12-бағандарда мәміленің жүзеге асырылғанын растайтын бастапқы құжатта (биржалық қуәлік, брокердің және (немесе) дилердің есебі, СВИФТ (SWIFT) халықаралық банкаралық ақпарат беру және төлемдер жасау жүйесі бойынша алынған растау) көрсетілген баға үтірден кейін төрт таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі. Сатып алынған бағалы қағазға шетел валютасымен ақы төленген жағдайда, баламасы ұлттық валюта – теңгемен бір мезгілде 11-бағанда көрсетіле отырып, 12-баған толтырылады. 11-бағанда борыштық бағалы қағаздардың бағасы жинақталған сыйақыны ескере отырып, үтірден кейін төрт таңбаға дейінгі дәлдікпен номиналдық құнына қатысты пайызбен көрсетіледі;

9) 13-бағанда бухгалтерлік есепте бастапқы тану күні көрсетіледі;

10) 14-бағанда борыштық бағалы қағаздарды өтеу мерзімі көрсетіледі;

11) 15-бағанда бағалы қағазды тікелей сатып алуға байланысты шығысты, оның ішінде агенттерге, консультанттарға, брокерлерге (дилерлерге) төленген сыйақылар мен комиссиялық сыйақыларды, қор биржаларының алымдарын, сондай-ақ сатып алушы сатушыға төлеген пайыз мөлшеріне азайтылған аударым бойынша банк қызметтерін (осындай бар болса) қоса алғанда, бағалы қағазды сатып алу құны көрсетіледі;

12) 16-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген бағалы қағаздардың ағымдағы құны көрсетіледі;

13) 20-бағанда "әділ құн бойынша бағаланатын", "амортизациялық құны бойынша бағаланатын" бағалы қағаздың санаты көрсетіледі;

14) 21 және 22-бағандарды толтырған кезде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 болып тіркелген "Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар және елдер үшін ең төменгі рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтинглік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысының (бұдан әрі – Қаулы) 3-тармағында көрсетілген рейтингтік агенттіктердің бірі берген бағалы қағаздың облигациялар бойынша рейтингі, эмитенттің акциялар бойынша рейтингі, мемлекеттің бағалы қағаздар бойынша елдің рейтингі көрсетіледі. Рейтинг З болмаған кезде 21 және 22-бағандарда "рейтингі жоқ" деп көрсетіледі. Бұл бағандар Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды. 21-бағанда бухгалтерлік есепте бастапқы танылған күндеңі рейтинг көрсетіледі;

15) 23 және 24-бағандарда Қазақстан Республикасы қор биржасының реңми тізіміне сәйкес Қазақстан Республикасы резиденттерінің бағалы қағаздарының санаты көрсетіледі. Қазақстан Республикасы қор биржасы тізімінің санаты болмаған кезде 23 және 24-бағандарда "листингі жок" деп көрсетіледі. Бұл бағандар Қазақстан Республикасы бейрезиденттерінің бағалы қағаздары және Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды. 23-бағанда бухгалтерлік есепте бастапқы танылған күндегі қор биржасы тізімінің санаты көрсетіледі;

16) 25-бағанда Нысанды ұсыну күніндегі борыштық қаржы құралдары бойынша купондық мөлшерлеме көрсетіледі.

6. 2-кесте бойынша:

1) 4-бағанда репо операциялары бойынша сатып алынған бағалы қағаздың түрі, оның типі көрсетіле отырып көрсетіледі;

2) 7 және 8-бағандарда валюта кодтары "Валюталарды және қорларды көрсетуге арналған кодтар" КР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі;

3) 9 және 10-бағандарда "көрі репо" операциясының жүзеге асырылғанын растайтын бастапқы құжатта көрсетілген үтірден кейін төрт таңбаға дейінгі дәлдікпен бағасы көрсетіледі. Сатып алынған бағалы қағазға шетел валютасымен ақы төленген жағдайда, баламасы ұлттық валюта – теңгемен 9 және 11-бағандарда бір мезгілде көрсетіле отырып, 10 және 12-бағандар толтырылады, сатып алынған бағалы қағазға ұлттық валюта – теңгемен ақы төленген жағдайда, 9 және 11-бағандар толтырылады;

4) 15-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген ағымдағы құн көрсетіледі.

7. 3-кесте бойынша:

1) 3 және 4-бағандарды толтырган кезде № 385 қаулының 3-тармағында көрсетілген рейтингтік агенттіктердің бірі берген рейтинг көрсетіледі. Рейтинг болмаған жағдайда 3 және 4-бағандарда "рейтингі жок" деп көрсетіледі. Аталған бағандар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдар бойынша толтырылмайды;

2) 5-бағанда валюта кодтары "Валюталарды және қорларды көрсетуге арналған кодтар" КР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі;

3) 8-бағанда банктік салым шарты бойынша салым мерзімі көрсетіледі, салым мерзімі ұзартылған кезде мерзім мерзімін ұзарту ескеріле отырып көрсетіледі;

4) 9 және 10-бағандарда жинақталған сыйақыны төлеу күні мен кезеңділігі банктік салым шартының талаптарына сәйкес көрсетіледі;

5) 13 және 14-бағандарда зейнетақы активтерін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі және екінші деңгейдегі банктердегі салымдарға орналастыру сомасы көрсетіледі. Зейнетақы активтерін салымға шетел валютасымен орналастырған

жағдайда, баламасы ұлттық валюта – теңгемен 13-бағанда бір мерзімде көрсетіле отырып, 14-баған толтырылады, зейнетақы активтерін салымға ұлттық валюта – теңгемен орналастырған жағдайда, 13-баған толтырылады;

- 6) 15-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген салымдар құны көрсетіледі;
- 7) 18-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген резервтер (провизиялар) сомасы көрсетіледі;
- 8) 3-кесте салым сомасын әрбір банк бойынша және әрбір салым валютасы бойынша жеке көрсете отырып толтырылады.

8. 4-кесте бойынша:

1) 4-бағанда валюта кодтары "Валюталарды және қорларды көрсетуге арналған кодтар" ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі;

2) 5 және 7-бағандарда сатып алу бағасы мәміле жасалған күні қалыптасқан валютаның нарықтық айырбастау бағамы бойынша көрсетіледі, 10-бағанда сома есепті күні қалыптасқан валютаның нарықтық айырбастау бағамы бойынша көрсетіледі. Аффинирленген бағалы металдарды ұлттық валюта – теңгемен сатып алған жағдайда, 5, 7 және 9-бағандар толтырылады.

3) 9-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген ағымдағы құны көрсетіледі.

9. 5-кесте бойынша:

1) 3-бағанда туынды қаржы құралының базалық активі (бағалы қағаздың және оның эмитентінің атауы, валютасы, сыйақы мөлшерлемесі, тауар және басқа да базалық активтер) көрсетіледі;

2) 4-бағанда мәміле валютасты "Валюталарды және қорларды көрсетуге арналған кодтар" ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі;

3) 5-баған бағалы қағаз туынды қаржы құралының базалық активі болып табылған жағдайда толтырылады;

4) 6-бағанда Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7118 болып тіркелген "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі № 69 қаулысының талаптарына сәйкес туынды құралдармен операция жүргізу кезінде қалыптасатын шартты талаптар мен міндеттемелер сомасы көрсетіледі.

5) 7-бағанда туынды қаржы құралының нарықтық құны (алмастыру құны) көрсетіледі, ол мынаны білдіреді:

сатып алу мәмілелері бойынша – туынды қаржы құралының ағымдағы нарықтық құнының осы туынды қаржы құралының номиналды келісімшарттық құнынан асып түсу мөлшері (шартты талаптар), туынды қаржы құралының номиналды

